

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 наурызда № 10466 тіркелді.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 32) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидалары бекітілсін.

2. Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетекші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

13 ақпан 2015 жылы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

30 қаңтар 2015 жылы

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 23 қаңтардағы

№ 7-1/37 бұйрығымен

бекітілген

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.08.2020 № 244 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 32) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға (бұдан әрі – өндіріс объектісі) есептік нөмірлер беру тәртібін және "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметтін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындауды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.12.2023 № 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) орналасқан аумақтық бөлімшілер;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;

4) геоақпараттық сервис – пайдаланушының цифрлық картада өндіріс объектісінің координаттарын (ендік пен бойлық) қалыптастыру үшін бұрылыш нүктелерін тандауына арналған ақпараттық жүйенің автоматтандырылған сервисі;

5) есепке алу нөмірі – қызмет түрінен және өндіріс объектісінің нөмірінен тұратын код;

6) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) өндіріс объектілерінің есепке алу нөмірлерінің электрондық тізілімі – өтініштер, өндіріс объектілері туралы мәліметтердің, сондай-ақ берілген есепке алу нөмірлері туралы мәліметтердің жиынтығы;

8) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге

және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

8-1) "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдаланушы кабинеті – "электрондық үкімет" веб- порталының электрондық нысанда қызметтер көрсету мәселелері, өтініштерді қарайтын субъектілерге жеке және заңды тұлғалардың өтініш жасау, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша көрсетілген тұлғалардың мемлекеттік органдармен ресми ақпараттық өзара іс-қимылына арналған құрамдасы;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.12.2023 № 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртіби

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті жолдайды.

Жеке тұлғаның жеке басын күеландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға беру /өтеусіз пайдалану) өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы жеке кабинеттегі тиісті мәртебе порталда өтініштің қабылданғанын раставу болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларына және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға сәйкес өтініш берілген күнге дейін құнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай берілген өндіріс объектісінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды болуы қажет.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету және нәтижесін беру мерзімі өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнін қурайды.

8. Көрсетілетін қызметті беруші кеңесесінің жұмыскері өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны жауапты қызметкерді тағайындастын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері өтініш тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) өтініште қамтылған мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) өтініште қамтылған мәліметтерді толық ұсынбаған, қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындауды және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және (немесе) мәліметтерді ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтінім тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін береді және осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндіріс

объектісіне есепке алу нөмірінің берілгені туралы растауды не осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді.

Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірінің берілгені туралы растау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

10. Жеке тұлғаның аты, экесінің аты (бар болса), тегі өзгерген, дара кәсіпкерді қайта тіркеу және (немесе) оның атауы өзгерген, заңды тұлғаның атауы өзгерген және (немесе) заңды тұлға бірігу, қайта құру, заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға қосылуы, бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған, өндірістік үй-жайларға меншік құқығы өзгерген немесе өндірістік үй-жайларды жалға беру шарты (өтеусіз пайдалану шарты) өзгерген, бұзылған, тоқтатылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өзгерістер туындаған сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде көрсетілетін қызметті берушіге ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, өзгерістер туралы ақпаратты растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге өтініш береді.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер өндіріс объектісінің жүзеге асырылатын қызмет түрінің өзгеруіне әкеп соқпаса, онда көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндіріс объектісіне есепке алу нөмірінің берілгені туралы растауды қайта ресімдейді.

Қызмет түрі өзгерген жағдайда, өндіріс объектісі осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірін беру рәсімінен қайта өтеді.

Жылжымалы (мобиЛЬДІ) объектілері бар өндіріс объектілері оларды қолданыстағы есепке алу нөміріне байланыстырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Өндіріс объектісіндегі қызмет тоқтатылған (уақытша тоқтатылған) кезде көрсетілетін қызметті алушы өндіріс объектісін есептен шығаруға бастамашылық жасайды және өндіріс объектісіндегі қызмет тоқтатылған (уақытша тоқтатылған) сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату (уақытша тоқтату) туралы өтініш береді.

Өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату (уақытша тоқтату) туралы өтінішті көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде

қарайды және "e-Agriculture" агроОнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңгай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) өндіріс объектісінің мәртебесін өзгертуді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.12.2023 № 466 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Есепке алу нөмірі, мал сою аландарына, жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілерін қоспағанда, өндіріс объектісі қызметінің барлық кезеңіне беріледі.

Мал сою аландарына есепке алу нөмірлері 1 (бір) жыл мерзімге беріледі және сол өнірде ет өндеу кәсіпорындары немесе мал сою пункттері салынғанға дейін жыл сайын расталуға тиіс. Жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлері жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының қолданылу мерзіміне беріледі. Бар есепке алу нөмірін растау үшін жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын сою аландары, өндіріс объектілері берілген есепке алу нөмірлерін сақтай отырып, осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірлерін алуда қайта рәсімдеуден өтеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Өндіріс объектісінің қызмет түрі мен нөмірін қамтитын кодтан тұратын есепке алу нөмірі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлерін беруге арналған литерлік кодта осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әріптік және сандық символдары болады.

14. Өндіріс объектісі бойынша қызмет түрі жоспарлы түрде өзгерген кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге қайтадан өтініш береді. Бұл ретте бұрын берілген есепке алу нөміріне "Белсенді емес" мәртебесі беріледі.

15. Елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сәйкес келген кезде экспортты/импортты жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектілерін есепке алу нөмірлерінің электрондық тізілімінде "Экспорт/Импорт" беріледі және есепке алу нөміріне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "E" (экспорттаушылар үшін), "I" (импорттаушылар үшін) символы қосымша енгізіледі.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау

объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен бірге "бір өтініш" қағидаты бойынша (бұдан әрі – "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш" қағидаты бойынша есепке алу нөмірін алуға арналған өтінішті береді.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – өтініш тіркелген сәттен бастап 6 (алты) жұмыс күн, оның ішінде:

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні;

өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру – 2 (екі) жұмыс күні.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды және жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі үйымдарға есептік нөмірлер беру немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту беру.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші бұл туралы техникалық істен шығу пайда болған сәттен бастап дереу "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл ретте, туындаған істен шығуды жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

19. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді

көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне келіп түседі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертулген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

20. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші, ведомство, ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түсken жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түсken күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұrған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес мыналар қарауы тиіс:

көрсетілетін қызметті беруші, ведомство, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

22. Ведомствоның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңын 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сактауды,
өндеуді және откізуді жүзеге
асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен
жемшөп қоспаларын өндіру,
сактау және откізу жөніндегі
ұйымдарға есептік нөмірлер
беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімге _____

—

(ветеринария саласындағы уәкілдегі орган ведомствоны аумақтық бөлімшесінің атауы)

кімнен _____

—

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/ заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы _____

Өтініш нөмірі _____

Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтініш

Мына өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруді, қайта ресімдеуді, растауды, қайта тіркеуді сұраймын:

(қажеттісінің астын сыйзу)

1) өндіріс объектісінің атауы: _____

2) өндіріс объектісінің мақсаты _____

(жылжымайтың мүлік объектісінің кадастрық паспорты бойынша)

3) қызметінің түрі: _____

4) экспортты/импортты жүзеге асыру: _____

(керегін көрсету)

5) меншік құқығындағы өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтер:
кадастрық нөмірі _____

нысаналы мақсаты _____

меншік иесі _____

құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты _____

мекенжайы _____

жалға беру, өтеусіз пайдалану құқығындағы өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

кадастрық нөмірі _____

нысаналы мақсаты _____

құқық иеленуші _____

жалға беру, өтеусіз пайдаланудың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты

шарттың жасалған күні _____

шарттың қолданылу мерзімі, ____ айға, 20_ жылғы ____ "____" - дан/ден

20 ____ жылғы ____ "____" дейін.

шарттың ерекше талаптары _____

мекенжайы _____

6) өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыш нүктелерінің координаттары:

Р/с №	Өндіріс объектісі (жер участкесі, гимарат, құрылыш, құрылышжай) орналасқан жылжымайтын мұлік объектісінің кадастрылық нөмірі	Өндіріс объектісіне орналасқан аумақтың бұрылыш нүктелерінің координаттары (геоақпараттық сервис арқылы)*		Ветеринариялық-санитариялық корытындының деректемелері (нөмірі, күні және берген орган)	Ескертпе
		бойлық	ендік		
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: * өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыш нүктелерінің координаттары (бойлық және ендік) техникалық мүмкіндік болса, геоақпараттық сервис арқылы анықталады.

Мынадай құжаттарды қоса беремін: _____

(үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттың немесе жалдау/өтеусіз пайдалану шартының электрондық көшірмесі)

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер: занды тұлға үшін:

атауы: _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

басшының жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: _____

телефон нөмірі (факс): _____

жеке тұлға үшін: _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: _____

жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі: _____

кім берді: _____

берілген күні: _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс): _____

электрондық мекенжайы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өндеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы 20_ жылғы "__" __ сағат__-де қол қойып, жіберді.

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректері:

ЭЦҚ қою күні мен уақыты: _____

Отінішті қабылдау туралы хабарлама:

Отініш 20__ жылғы "__" ____ сағат__-де қабылданды

Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің ЭЦҚ деректері:

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты: _____

Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды),
сақтауды, өндеді және өткізу
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
коспаларын өндіру, сақтау
және өткізу жөніндегі
ұйымдарға есептік нөмірлер
беру қағидаларына
2-қосымша

"Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеді және өткізу жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

ЕскеRTу. 2-қосымша жана редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.01.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Жеке және занды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) отініштерін қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің"

		www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
